



Сабилова Дина Алтаевна

**Филология және көптілді білім беру институтының «Орыс тілі мен әдебиеті»
кафедрасының постдокторанты**

Республикалық конкурстық комиссия мамандық бойынша үздіктердің ішінен үздіктерді тандады. Комиссия құрамына ҰЕҰ, БАҚ, студенттік және жастар ұйымдарының, Қазақстандық ЖОО қауымдастықтарының өкілдері және білім беру саласындағы сарапшылар кірді.

Конкурс жыл сайын оқытушы мамандығының беделін арттыру және жоғары оқу орны педагогтарын одан әрі кәсіби өсуге ынталандыру мақсатында өткізіледі.

Қазақстандық 45 ЖОО-ның 150 оқытушысы жеңімпаз атанды.

Біздің университетіміздің жеңімпаздары арасында филология PhD докторы, қауымдастырылған профессор Дина Сабилова бар.

Абай ат. ҚазҰПУ "Орыс тілі мен әдебиеті" кафедрасының постдокторанты, PhD Сабилова Дина Алтаевна шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның 08.09.2021 жылғы шешімімен "Болашақ" халықаралық стипендиясының (Джордж Вашингтон университетінде (АҚШ) тағылымдама) иегері болды. Ол 2016 жылғы талантты жас ғалымдарға арналған мемлекеттік ғылыми стипендияның иегері.

2015-2016 жылдарға арналған "Жапония әлемдік әдебиетте: посткеңестік елдердегі әдеби білім" (Жапония); "Бастауыш мектеп оқушыларының оқу дағдыларының қалыптасуын және оны анықтайтын факторларды зерттеу" (Ресей); Эразмус+ 618835-EPP1-2020-1-KZ-EPPKA2-SBHE-SP KAZDUAL "Қазақстанда дуальды жүйені енгізу" халықаралық жобаларына белсенді қатысады.

Д.А. Сабированың 50-ден астам ғылыми жарияланымдары бар, оның ішінде: 7 мақала "Scopus" ғылыми базасындағы импакт-факторы бар журналдарда, Хирш индексі-2.